



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі алаяқтық сипатта жазылған хаттар туралы ескертеді

2020 жылғы 3 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі қаражат жіберу туралы өтініші бар электрондық хаттар мен анонимді телефон қоңырауларын елемеге шақырады. Белгісіз банктік шоттардың деректемелері қамтылған, кездейсоқ ақша алу мүмкіндіктері туралы хабарламалар көп жағдайда олардың алаяқтық әрекет екендігін көрсетеді.

Шын мәнінде **мұндай хаттар Ұлттық Банктен жеке тұлғаларға таратылмайды**. Орталық банктер жеке тұлғалардың шотына қызмет көрсетпейді, ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жүргізбейді: Ұлттық Банктегі банктік шоттар тек ҚҰБ, екінші деңгейдегі банктер мен саны шектеулі заңды тұлғалардың операциясын есепке алу үшін ғана ашылуы мүмкін. Осыған орай Қазақстан Ұлттық Банкінің жеке тұлғалардың құнды заттары мен банкнот, монеталарына қатысты инкассациялық (соның ішінде жеткізу, тасымалдау) қызметті атқармайтынын ескертеміз.

Қазақстан Ұлттық Банкінен қаражат жіберу туралы өтініші бар күдікті хаттарды алған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарласу қажет.

Кеңес алу үшін 1477 қысқа нөмірі бойынша Ұлттық Банктің байланыс орталығына да хабарласуға болады (ұялы және қалалық телефоннан қоңырау шалу – тегін).

Толық ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz